

2021 жылға «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқарма мүшелеріне сыйақылар жөніндегі ақпарат

«Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – ҚКМ) Басқарма мүшелеріне сыйақы мөлшерін анықтау туралы шешім қабылдау рәсімдері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 1266 қаулысымен (бұдан әрі - ҚР Үкіметінің Қаулысы), сондай-ақ БКМ Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 26 қыркүйектегі шешімімен (№09/19 хаттама) шешімімен бекітілген [БКМ басшы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, қызметін бағалау және сыйақы төлеу қағидаларымен](#) және БКМ Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 31 шілдедегі шешімімен (№8/19 хаттама) бекітілген [Басшы қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсету ережелерімен](#) анықталған.

БКМ Басқарма мүшелеріне сыйақының жиынтық мөлшері БКМ жылдық қаржылық есептілігінде жыл сайын жарияланады, сондай-ақ KASE Қазақстан қор биржасының интернет-ресурсында, БКМ ресми [веб-сайтында орналастырылады және мыналарды](#) қамтиды:

- лауазымдық айлықақы;
- мемлекеттік мерекеге сыйлықтар;
- есепті кезеңдегі қызмет нәтижелері бойынша сыйақылар.

БКМ Жарғысына, [БКМ Басшы қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу, қызметін бағалау және сыйақы беру қағидаларына](#) сәйкес БКМ Басқарма мүшелерінің лауазымдық айлықақысының жеке мөлшерін БКМ Директорлар кеңесі (ДК) орындалатын жұмыстың күрделілігі мен көлеміне қарай саралап белгілейді.

БКМ қызметінің тиімділігін арттыруға мүдделілікті күшейту мақсатында ҚТК негізінде Басқарма мүшелерінің қызметін бағалау жүргізіледі, оның қорытындысы бойынша ҚР заңнамасына сәйкес сыйақы төлеу жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте сыйақы төлеу шарттары мен тәртібі БКМ басшы қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу, қызметін бағалау және сыйақы беру қағидаларында айқындалады.

Басқарма мүшелерінің сыйақы құрылымының лимиттері ҚР Үкіметінің қаулысында бекітілген, Басқарма мүшелеріне бір жылғы жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы Компанияның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілетін стратегиялық ҚТК-ге қол жеткізуге және олардың қызметін бағалау нәтижелеріне, сондай-ақ аудиттелген қаржылық есептілік негізінде компанияның қаржы-шаруашылық нәтижелері белгіленген тәртіппен бекітілгеннен кейін таза шоғырландырылған пайданың болуына байланысты есепті жылдың қорытындылары бойынша жүзеге асырылады, бұл ретте осы сыйақының жалпы жылдық көлемі 6 (алты) лауазымдық айлықақыдан аспауға тиіс

Қызмет нәтижелері бойынша сыйақы кезеңі Басқарма мүшелері үшін күнтізбелік 1 (бір) жылдан аспауға тиіс.

Басқарма мүшелеріне белгіленген қызметті бағалау көрсеткіштерінің нысаналы мәндері және олардың жетістіктері туралы ақпарат төменде берілген.

2021 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша БКМ Басқарма мүшелерімен 2014-2023 жылдарға арналған БКМ Даму стратегиясында қарастырылған стратегиялық ҚТК қол жеткізілді:

1) ҚР-да тартылған инвестициялардың Қоғам қаражатының бірлігіне коэффициенті – 2,36;

2) ROA – 0,76%;

3) жылына жаңа инвестициялар көлемі (кәптивті қорларды қоса алғанда) – 36 796 млн теңге.

Сондай-ақ, 2021 жылғы БКМ 2019-2023 жылдарға арналған Даму жоспарының орындалуы туралы есепте көрсетілген көрсеткіштер ескерілді:

1) есепті жылдың қорытындысы бойынша БКМ Даму жоспарының 3-нысанындағы стратегиялық ҚТК қол жеткізуді іске асыру тиімділігі – 163%;

2) есепті кезеңде тікелей инвестициялар қорларынан алынған ақшалай қаражат - 9 945 579 мың теңге.

2022 жылғы 24 маусымдағы БКМ ДК шешімімен (№14/22 хаттама) 2021 жылдың қорытындысы бойынша БКМ басшы қызметкерлері қызметінің негізгі көрсеткіштері карталарының орындалуы туралы есеп бекітілді.

Есепке сәйкес 2021 жылғы кумулятивтік корпоративтік ҚТК 125% деңгейінде орындалды.

2021 жылдың қорытындысы бойынша БКМ Басқарма мүшелерімен қызметті бағалау көрсеткіштерінің нысаналы мәндеріне қол жеткізілді

1) А.С. Қуатова, Басқарма төрағасы – 123,60%;

2) Д.Ж. Нурскенов, Басқарма төрағасының орынбасары – 104,38%;

3) Г.С. Маканалина, Басқарма төрағасының орынбасары – 124,25%;

4) Р.Б. Қуанышбаев, Басқарма төрағасының орынбасары – 125,00%;

5) Е.Д. Қабдрахманов, басқарушы директор, Басқарма мүшесі – 114,38%.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 50-бабының, 52-бабы 1-тармағының 1-3), 23-24) тармақшаларының, 55-бабының, 57-бабы 1-тармағының 3), 5-6) тармақшаларының немесе 59-бабының негізінде, БКМ ДК шешіміне сәйкес Басқарманың осындай мүшесіне белгіленген мерзімге дейін Басқарма мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Басқарманың осындай мүшесіне БКМ бюджетінде қаражат болған жағдайда еңбек шартын мерзімінен бұрын бұзғаны үшін **өтемақы төлемі** жүргізілуі мүмкін. Өтемақы төлемінің мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке табыс салығын, зейнетақы және өзге де жарналарды шегергендегі 4 (төрт) лауазымдық айлықақыны негізге ала отырып, жалпы БКМ Басқармасының белгіленген өкілеттік мерзімі

аяқталғанға дейінгі Басқарма мүшесінің жұмыс істеген кезеңіне тепе-тең есептеледі.

Есепті кезең ішінде еңбек шарты Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша тоқтатылған (бұзылған) жағдайда сыйақы төленбейді.

Басқарма мүшелеріне материалдық қолдау көрсету ҚР заңнамасымен және БКМ Басшы қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету қағидаларымен реттеледі.

Әлеуметтік сипаттағы төлемдердің шекті мәндері әкімшілік қызметкерлер үшін де, Басқарма мүшелері үшін де бірыңғай стандарттарға келтірілген және ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген компания қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсетуге арналған әкімшілік шығыстардың лимиттеріне сәйкес келеді. Материалдық көмек белгіленген тәртіпте БКМ қаражаты есебінен келесі жағдайларда төленеді:

- жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын беру кезінде сауықтыру үшін;
- некеге тұруына байланысты;
- жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты демалысқа байланысты;
- бала (балаларды) тууға/бала (балаларды) асырап алуға байланысты;
- Басқарма мүшесін немесе оның отбасы мүшелері болып табылатын адамдарды емдеуге/операцияға байланысты;
- Басқарма мүшесінің, жұбайының/балаларының, Басқарма мүшесінің ата-анасының қайтыс болуына байланысты төленеді.

Басқа жеңілдіктер жоқ.